

7, 8, 0 цифрларын пайдалана отырып,
барынша үш таңбалы сандарды жазыңдар.

- Қандай сандар жаздыңдар?
- Ең үлкен, ең кіші сандарды ата
- Бұл сандар қай класқа жатады?

Қыркүйектің 3-і Сынып жұмысы

Сабақтың мақсаты:

Көп таңбалы сандардың, олардың ондық құрылу жолын түсінеді

Бағалау критерийі:

Көп таңбалы сандарды жазады, ондық құрылу жолын түсінеді.

Көп таңбалы сандарды кластар мен разрядтарға жіктейді.

Көп таңбалы сандармен есептеулер жүргізеді

Көп таңбалы сандар разряды мен кластары

сандар	Миллиондар класы (үшінші класс)			Мыңдар класы (екінші класс)			Бірліктер класы (бірінші класс)		
	Жүздік миллион дар	Ондық миллион дар	Бірлік миллион дар	Жүздік мыңдар	Ондық мыңдар	Бірлік мыңдар	Жүздікт ер	Ондықт ар	Бірлікте р
7 987 602	-	-	7	9	8	7	6	0	2
25 306 967	-	2	5	3	0	6	9	6	7
657 890 321	6	5	7	8	9	0	3	2	1



Білу керек!

Егер сандар құрамында бір бірлік разряды болмаған жағдайда , оны жазған сәтте сол жоқ разрядтың орнын нөл санымен толықтырамыз.

Мысалы. 903 саны 9 жүздік, 0 ондық және 3 бірліктен тұрады.

$$903 = 9 \text{ жүздік } 0 \text{ ондық } 3 \text{ бірлік}$$

Кез келген разрядтың 10 бірлігі одан жоғарғы разрядтың бірлігін құрайды. Мысалы, 10 бірлік 1 ондықты, ал 10 ондық 1 жүздікті білдіреді.

Мына сандарды жазыңдар:

- а) III кластың 7 бірл. II кластың 306 бірл. I кластың 120 бірл.;**
- б) III кластың 23 бірл. II кластың 9 бірл. I кластың 3 бірл.;**
- в) II кластың 587 бірл. I кластың 369 бірл.**

- а) III кластың 9 бірл. II кластың 627 бірл. I кластың 789 бірл.;**
- б) III кластың 94 бірл. II кластың 58 бірл. I кластың 8 бірл.;**
- в) II кластың 590 бірл. I кластың 357 бірл.**

Мына сандарды оқындар

**(875 258 306; 58 654 920; 4 650 301;
605 406; 45 325; 6 369; 321; 85;7;)**

Төмендегі сандарды жаз:

8 ондық млн 527 бірлік = ;

8 миллион 6 жүздік мың = ;

5 миллион 3 мың = .

Мен

түсіндім...

білдім...

үйрендім...

қайталадым...

есіме сақтадым...

